

Shet shugylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazetı

Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady

beisenbi, 13 maýsym 2024 jyl №24 (11 117)

Road-эстафетасы



«AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» Жастар қанаты Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев бастап берген «Таза Қазақстан» жалпұлттық экологиялық акциясы аясында Астана-Алматы автожолы маңайын қоқыстан тазарту мақсатында Road-эстафетасын бастады.

Шара барысында аталған жолдармен қатар, тарихи, мәдени және табиғи мұралар маңайы тазартылып, аудан мен елді мекендерде «AMANAT» партиясы депутаттарының қатысуымен азаматтарды жеке қабылдаулар мен жергілікті жастармен кездесулер өткізілуде.

Айта кетейік, Ақмола облысы, Аршалы ауданынан басталған тазалық эстафетасы облысымыздың Осакаровка ауданында аяқталып, осы аралықты қоқыстан тазартуға 250-ден астам еріктілермен қатар, жол бойындағы өзге де елді мекендерден жастар қосылып, қатысты.

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалы алдынан басталған «Таза Қазақстан» Road-эстафетасы 11 маусым күні ауданымызға келіп жетті. Табиғат ананы аялауға, қоршаған ортаны таза ұстауға шақырған эстафета мүшелерін арнайы киіз үйлер тігіліп қарсы алынды. Шара барысында аудан әкімі М.Мұхтаров эстафета мүшелері алдында сөз сөйлеп, өнегелі істің басы қасында жүрген ел азаматтары мен туған жердің тазалығына белсене атсалысып жатқан жастарға ризашылығын білдіріп, қадамдарына құтты болсын айтып, ақ жол

ЭСТАФЕТА АУМАҒЫ МЫҢ ШАҚЫРЫМДЫ ҚАМТЫМАҚ

тіледі. Сондай-ақ, «AMANAT» партиясы Шет аудандық филиалының төрағасы Б.Баданов сөз сөйлеп, акцияға қолдау көрсеткен аудан әкімдігіне, мекеме басшыларына, барша ізгі ниетті азаматтарға алғысын білдірді.

Ігі шараның бастамашы тобында Парламент Мәжілісінің депутаты Ж.Амантайұлы, Қараған-

қабылдаулар өткізді.

Эстафетаны қабыл алған ауданымыздың бір топ белсенді азаматтары Қарағанды-Балқаш бағытындағы жол бойының тазалық жұмыстарына қатысып, эстафета мүшелеріне сәт-сапар тіледі.

Айта кетейік, эстафета Ақмола, Қарағанды, Жамбыл, Алматы облыстары мен Алматы қаласының



ды облыстық «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Б.Алтынбеков, «AMANAT» партиясының «Жастар рухы» Жастар қанатының төрағасы Е.Хамитов, республикалық «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы А.Ескендіровалар және тағы басқа да азаматтар болды.

Акция аясында белсенділер мен волонтерлер жол бойы мен іргелес орналасқан автотұрақтар аумағында тазалық жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, жастар қауымымен жүздесіп, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қоғамдық

аумағынан өтіп, жалпы 6 ауданды қамтымақшы. Астана-Алматы жол бойын, сондай-ақ, жол маңында орналасқан автотұрақтар мен кемпингтер аумағын қоқыстан тазарту 14 маусымға дейін жалғасып, басқа да бағыттардағы жолдар маңайын тазарту жұмыстары жүргізілмекші. Жалпы қоқыстан тазарту аумақ 1 202 шақырымды құрайтын болады. Оның басым көпшілігі, яғни, 700 шақырымы Қарағанды облысының еншісінде.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.

Білімді ұрпақ - ел болашағы

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП - ЗАМАН ТАЛАБЫ

XXI ғасырда мемлекеттер қара күшпен емес, біліммен, сол арқылы жеткен озық технологиямен озады. Білімді ұрпақ елді жарқын болашаққа бастайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа арнаған Жолдауында осы мәселеге қатысты өзінің жаңа бағдарламасын ұсынып, 2025 жылға дейін елімізде 800 мыңға жуық баланың заманауи мектепте білім алуына жағдай жасалатынын айтқан болатын.

Ұлттық жобаның аты - «Жайлы мектеп». Мемлекет басшысының бастамасы негізінде қолға алынған заманауи, жайлы мектептердің салынуы

латын оқу нысаны заманауи құралдармен жабдықталады. Оқу кабинеттері, санитариялық тоқраптары және спорт залдары бар жеке блоктар қарастырылған. Оған қоса, жоғары деңгейдегі қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз етілмек.

Мектептің құрылыс материалдары сыртқы және ішкі көрінісі, сәулеттік жобасы бойынша да өзіндік ерекшелігі бар. Жаңа мектептің құрылысы ойдағыдай аяқталып, 2024-2025 оқу жылына жаңа мектепте қарсы аламыз деген ниеттеміз. Білім сапасы жақсарса, тұтас ұлттың бәсекеге қабілеті артады. Салаға салынған инвестиция болашақта еселеп қайтады. Қазақ жастарының жаһандық дәрежеде биік



еліміздегі екі ауысыммен оқытатын және апатты мектептер проблемалары түбегейлі шешілмек.

Осы мақсатта 2023 жылдың қараша айынан бастап С.Сейфуллин кентінде 300 орындық мектеп құрылысы басталып, жүйелі құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Құрылыстың аяқталу мерзімі 2024 жылға жоспарланып отыр. Салынып жатқан жаңа мектептің жалпы ауданы 5660,0 м2. Құрылысы бірінші стандарт бойынша жүзеге асыры-

табыстарға жетуіне жол ашылады.

Олай болса, бұл бағыттағы Президенттің игі бастамалары мен қолға алынған жобалар ел игілігіне қызмет ете бермек деген ойдамын.

Г.ЖҰМАБЕКОВА,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
С.Сейфуллин кенті.

БАСПАСӨЗ БАРШАҒА!

“ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ЖӘНЕ “ШЕТ ӨНІРІ”
ГАЗЕТТЕРІНЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ-
ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ



АУДАНЫҚ “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕНҒЕ ИНДЕКСІ 65049

“ШЕТ ӨНІРІ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕНҒЕ ИНДЕКСІ 65060

АУДАНЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА “КАЗПОЧТА” АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС
БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.